



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

дамуының алғашқы сатысында пайда болған. Бұл компоненттер барлық уақытта да өзекті және сұранысқа ие болған және бола береді де.

Демеушілік – демеушілік көрсетіліп отырған жақ пен демеуші арасындағы өзара қарым-қатынастың маңызды түрі. Демеуші танымал спортшыға немесе спорттық командаға құрал-жабдықтарды жалға немесе сатып алып беруі мүмкін. Оның орнына спортшы немесе спорттық команда демеушінің сауда белгісін өз экипировкасында демонстрациялайды. Осы орайда демеушінің рейтингісі көтеріледі, ал спортшы ақша немесе басқа да материалдық игіліктерге ие болады. Демеушіліктің бұл түрі спорттық жарыстар, өнер, бұқаралық ақпарат құралдары, қайырымдылық секілді сфераларда танымалдылыққа ие болған.

Қайырымдылық – көмекке мұқтаж адамдарға қайтарылмайтын материалдық жәрдем көрсетудің түрі. Бұл көмектің түрін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Себебі, қайырымдылық қоғамның жанашырлық сезімін тудыруға, өзара көмек жасауға үйретеді. Ақылмен жасалған қайырымды іс, көп жағдайда, қоғамнан қолдау табады. Бұл мемлекеттік немесе діни қайырымдылық істерге (мешіттердегі, шіркеулердегі) азаматтардың немесе мекемелердің жеке келіп қатысуынан көрініс табады. Осымен қайырымдылық қоғамның моральдық қалыптасуында және әлеуметтік-мәдени дамуында маңызды роль атқарады.

Сонымен, бизнестегі қайырымдылық, демеушілік, жарнама бір-біріне жақын ұғымдар. Демеушілік материалдық жағынан мұқтаж ұйымдарға көмектесе отырып, өз кезегінде одан пайда табады. Ешқандай да ірі кәсіпорын немесе компания демеушіліксіз орныға алмайды, дами алмайды, өзіне жақсы репутация қалыптастыра алмайды. Ал қайырымдылық қоғамға бір-біріне деген өзара көмек пен жанашырлықтың маңызды екенін жеткізу мақсатында жарнамаланады. Ал кейде, қайырымдылықтың өзі жарнама ретінде қолданылады. Мұндайды компаниялар өз брендин жарнамалау үшін және жағымды имидж қалыптастыру үшін қолданады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Организация предпринимательской деятельности, Асаул А.Н., 2009
2. Организация предпринимательской деятельности - Схемы и таблицы - Попков В.П., Евстафьева Е.В.
3. Теория принятия решений - Орлов А.И.
4. Анализ финансово - хозяйственной деятельности предприятия - Пястолов С.М. - 2004 - 3 - е издание
5. Теория организации - Иванова Т.Ю., Приходько В.И.
6. Бизнес Планирование - Поляков О.В. - 2003
7. Управление персоналом - Т.Ю. Базаров, Б.Л. Еремин
8. Курс предпринимательства, Абчук В.А., 2001
9. Психология богатства, Кутис С.
10. Теория и методы принятия решений, а также Хроника событий в Волшебных Странах - О.И. Ларичев

УДК 371

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Нұрланұлы О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Әлеуметтік ғылымдар факультетінің III курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Досмурзаева Д.О.

Ұлт лидері Н. Ә. Назарбаев негізін қалаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсеке қабілеттілік» бағдарламасында былай деп мәлімдеді: «Ең алдымен, білім

беру жүйесінің ролі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алиақтығын азайту қажет». Бұл бағдарлама бойынша экономика, жаңа технология салаларының дамытылуымен қатар, педагогика, білім беру салаларына айшықты назар аударды. Яғни, әр мектептерде, соның ішінде жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін дамыту бойынша көптеген шаралар атқарылуда. Сонымен қатар бұл Жолдаудың «Адам капиталы» деп аталатын бөлімінде халықтық білім беру бойынша барлық мәселелер қамтылған [1].

Бүгінде жаңа бағдарлама қабылданғаннан кейін барлық салалардың жоғары деңгейде дамытылу көзделіп отыр. Соның ішінде сан қырлы білім беру бойынша еліміздің мектептерінде, орта және жоғарғы оқу орындарында шетелдік тәжірибелер қарқынды қолданылып отыр. Осыған орай мектепке дейінгі балалар, 12-18 жас аралығындағы оқушылар және арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарында студенттердің және мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы шетелдік білім бағдарламасы бойынша жүргізіліп келеді.

Қазіргі таңда шетелдік жоғарғы оқу орындарында мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға инклюзивті білім беру бойынша жүргізіліп келеді. Соның ішінде «Инклюзивті» дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарын арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат болып табылады. Яғни әрбір бала қимыл-қозғалыс, ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік экономикалық жағдайына қарамай дәстүрлі түрде инклюзивті білім алу мүмкіндігіне ие бола алады [2]. Себебі мүмкіндігі шектеулі әрбір бала Қазақстан Республикасының Білім заңына сәйкес потенциалды түрде сапалы білім алуға тиіс. Бұл ерекше мұқтаждықтары бар баланың білім, мәдениет саласында жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүруге ынта береді.

Негізінен, инклюзивті білім беру шет елдерінде ертеден қалыптасқан. Соның ішінде инклюзивті білім беру бойынша көптеген ғалымдар зерттеулер жасады. Соның ішінде Гриф Н.А., Зиновьева В.И., Шульмин М.П., Ким М.Ю., Егоров П.Р., Андреева Р.В., Радченко О.Е. болып табылады.

Зерттеуші Андреева Р.В. «Развитие инклюзивного образования в вузе» атты мақаласында шетелдік инклюзивті білім беру бойынша зерттеу жүргізді. Зерттеуші аталған мақалада: «инклюзивті білім беру – физикалық, психологиялық кемшіліктеріне қарамай, барлық оқушылармен теңдік қатынасты қамтамасыз ету және мүмкіндік шектеулі балаларға білім алуға ерекше жағдай қалыптастыру», - деп өз мақаласында атап өтті [3].

Ресейдің белгілі ғалымы профессор Н.А. Грик «Сопровождение социальной адаптации студентов с ограниченными возможностями здоровья в техническом вузе» аталатын еңбегінде инклюзивті білімі берудің ерекшелігіне, қағидаларына тоқталып өтті. Ол осы ғылыми туындысында мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға Еуропада және Ресей елдерінде инклюзивті білім беру саласынның қалай жүзеге асырылып жатқанына баса назар аударды.

Кейбір елдерде ерекше мұқтаждықтары бар балалар арнайы сыныптарға енгізілді немесе білім алуға мүмкіндіктер де болмады. Бірақ, осы білім саласы дамыған елдерде енгізілгеннен кейін, инклюзивті білім берудің жоғарғы оқу орындарында студент-инвалидтердің сапалы түрде білім алуына мүмкіндіктер береді.

Автор осы жоғарыда аталған ғылыми еңбегінде «инклюзия» деген сөзге анықтама береді. «Инклюзия» - мүмкіндігі шектеулі балалардың оқуға деген ынтасын жоғарылату және тең құқықты білім алуын білдіреді. Сонымен қатар «инклюзия» білім алушылардың мұқтаждықтары бар балалармен бірге оқуы - толеранттылыққа, әрдайым көмектесуге, сыпайы болуға үйретеді. Сондай-ақ әлеуметтік мұқтаждықтары бар білім алушылардың ой-

өрісін одан әрі дамытуына өз әсерін тигізеді. Бүгінде инклюзивті білім беру дамыған Еуропа елдерінде таралып, өз даму деңгейінде тұр.

Сонымен қатар, шетелдік жоғарғы оқу орындарында инклюзия принципі бойынша сабақ беретін педагогтар мынадай қасиеттерді иеленеді: біріншіден, барлық білім алушыларды бірдей деңгейде бірге оқыту, екіншіден, білім алушылардың дейгейін, денсаулық жағынан кемшілігін салыстыра отырып, арнайы үй тапсырмаларын беру.

Инклюзивті білім беру процесі Еуропаның дамыған Ұлыбритания, Франция, Италия елдерінде қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді. Мысалы, Ұлыбритания елінің 1971-2000 жылдары аралығында қабылданған заң бойынша әлеуметтік-экономикалық, ерекше мұқтаждықтары бар барлық адамдар тең құқылы түрде білім алуы керектігі жөнінде айтылды. 2007 жылы осы елде орналасқан белгілі Кентск университетінің «тарих және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы профессор-оқытушылық құрамы 12,5 мың студенттің 300 білім алушы мүмкіндігі шектеулі екендігін анықтады. Осыған орай осы жоғарғы оқу орны қабырғасында арнайы мүмкіндігі шектеулі балаларды жатақханаға орналастыру, көмек беру саласы бойынша жаңа қызмет тағайындалды. Осындай білім Бельгия елінің Брюссель қаласындағы Еркін университетінде ерекше қарқынмен жүргізілді және студент-инвалидтерге көмек беру мақсатында арнайы психология факультетінде әлеуметтік қызмет бөлімі жұмыс істейді. Осы аталған факультетте студент-инвалидтердің психологиялық жағдайы, басқа білім алушылармен қарым-қатынасы, өзге елдердегі жоғарғы оқу орындарындағы мүмкіндігі шектеулі студенттердің әлеуметті жағдайы және т.б мәселелерімен айналысады. Психология факультетінде сабақ беретін ұстаздар арнайы осы тақырыптарда жоба, арнайы зерттеулерді жариялады. Өйткені, бұл факультеттің негізгі жұмысы да осы бағытта болып табылады. Брюссель қаласындағы Еркін университетінде ерекше мұқтаждықтары бар білім алушыларға толық білім курсен екі жылда өтуге рұқсат етіледі. Студент-инвалид білім алушылар осы университетті бітіргеннен кейін ұстаздық жолға қалуға мүмкіндіктер де бар болды.

Сондай-ақ Еуропаның дамыған Германия Федеративтік Республикасындағы жоғарғы оқу орындарында кең таралған студенттік одақ «Штудентенверк». Бұл одақтың мақсаты - студенттердің жеке басы және әлеуметтік қорғау құқықтары болып табылады. Қазіргі таңда «Штудентенверк» атты студенттік одағының мүшесі 900 адамға жетті. Сонымен қатар студенттік одақ әлеуметтік мәселелермен, яғни жатақхана, мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға құжаттар жинау және жұмысқа орналасу мәселелерімен айналысады. Одақ студенттері ерекше мұқтаждықтары бар білім алушыларға тегін компьютер және оқу процесіне керекті құралдармен қамтамасыз етуге байланысты көмек шараларын жүргізеді. XX ғасырдың 40-жылдарынан кейінгі кезеңде Германия өте дағдарысты кезеңді басынан өткергенге қарамастан, көптеген жоғарғы оқу орындарында студент-инвалидтерге арналған жеке оқу корпустары мен кабинеттері болды.

Скандинав аралының Швеция еліндегі жоғарғы оқу орындарында инклюзивті білім беру ертеректе дамыған болатын. 1993 жылдан бастап арнайы мүмкіндігі шектеулі студент-инвалидтерге жауапты қызметкерлерді тағайындап отырды. Швецияның Стокгольм университетінде «Референттік топ» құрылды. Бұл топқа Швеция елінің 11 жоғарғы оқу орны енді. «Референттік топтың» негізгі мақсаты – ерекше мұқтаждықтары бар білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету шаралармен айналысты [4].

Тек қана Еуропа елдерінде ғана емес, Ресей және Орта Азия мемлекеттерінде инклюзивті білім беру жүйесі өз деңгейінде жұмыс істеді. Мысалы, 1992 жылы Ресей Федерациясының Білім Министрлігінің енгізген бұйрығы бойынша есту және көру мүшесі нашар мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы ғылыми және методикалық орталық құрылды. Осында орталық 1994 жылы Н. Э. Бауман атындағы Мәскеу Мемлекеттік техникалық университетінде өз жалғасын тапты. Бұл орталықтың негізгі мақсаты – есту мүшесі нашар еститін ерекше мұқтаждықтары бар студенттердің тең құқықты түрде оқуына мүмкіндіктер берді. Бұл орталықтың негізгі ерекшелігі – реабилитациялық білім бағдарламаларының құрылуы болып табылады. Бұл бағдарлама бойынша арнайы реабилитолог мамандар

студент-инвалидтер жұмыс жасайды. Бағдарлама бойынша оқулықтарда мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтары, медициналық көмек беру және басқа да мәселелер қамтылған. Бұл жүзеге асырылған бағдарлама арқасында студент-инвалидтердің басқа студенттерімен қарым-қатынасы, өмірге, оқуға деген ынтаны одан әрі дамытып, жаңа кезеңнің қадам басуына өз септігін тигізеді.

Сонымен қатар Мемлекеттік ғылыми-зерттеушілік және методикалық орталық жоспарлы түрде білім алу бағдарламаларын жасайды. Яғни, бұл орталықта есту мүшесі нашар балалар жоғарғы оқу орнына түсу үшін арнайы дайындық курсынан өтеді. Сондай-ақ университетке қабылданғаннан кейін үш жылдық мамандықтары бойынша білімін алады. Соның ішінде, бірінші курста студент-инвалидтер орыс тілінің ерекшелігін, практикалық маңызын оқиды. Жалпы, жоғарғы оқу орындарында жүзеге асырылатын екі жылдық оқу жүйесін Мемлекеттік ғылыми және методикалық орталық үш жылда оқытады. Ал есту және көру мүшесі нашар студенттер сабақ жоспары бойынша екінші және үшінші курста мамандықтары бойынша өз білімдерін жалғастырады. Соңғы курсына өз дипломдарын қорғап, бакалавр дәрежесін алып, оқыған университеттерінде жұмысқа орналасады.

Ресейдің көптеген университеттерінде мүмкіндігі шектеулі студенттерге инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда. Мысалы, Мемлекеттік Красноярск сауда-экономикалық институты осы білім беру жүйесінде жұмыс істейді. Бұл институт қабырғасында Аймақтық ғылыми-методикалық орталық ерекше мұқтаждықтары бар студент-инвалидтермен жұмыс жасайды. Орталықтың негізгі мақсаты – әлеуметтік жағынан мүмкіндігі шектеулі студенттердің білім алуына басқа білім алушылармен тең құқылы түрде жағдай жасау болып табылады. Осы орталықтың құрамына дәрігерлік-психологиялық реабилитация бөлімі жұмыс жасайды. Әрине, бұл бөлім студент-инвалидтердің психологиялық, әлеуметтік жағдайын, денсаулығы бойынша сараптама жүргізеді.

Ресейдің барлық университеттерінде ерекше мұқтаждықтары бар студент-инвалидтерге инклюзивті білім беру бағдарламасы қарқынды түрде жүзеге асырылуда. Мысалы, Челябинск Мемлекеттік университеті, Томск Мемлекеттік университеті, Ресей Мемлекеттік педагогикалық университеті, Мәскеу Мемлекеттік педагогикалық университеті, Мәскеу Мемлекеттік әлеуметтік институты, Санкт-Петербург политехникалық университеті және Томск Мемлекеттік университеті [5].

Сонымен қатар Н. А. Гирк өзінің «Социальная идентичность молодежи в техническом вузе: проблемы коммуникации и ментальной устойчивости» атты ғылыми еңбегінде былай деп көрсетеді: «инклюзивті білім беру мақсаты – мүмкіндігі шектеулі студенттердің жеке даму процесі». Яғни бұл білім беру бойынша студент-инвалидтің тұлғалық даму кезеңі, психологиялық- әлеуметтік жағдайын анықтауға мүмкіндіктер береді.

Жалпы, студент-инвалид жоғарғы оқу орнын мамандығы бойынша бітіріп, жұмысқа орналасқан кезде қиындықтар болып жатады. Себебі, жұмысқа кезекке тұру барысында жалпы конкурс өткізеді және студент-инвалидтер алған білімімен, кәсіби ерекшелігімен көрінсе ғана өзінің мамандығы бойынша жұмысын жасайды. Ең бастысы, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жоғарғы оқу орнын бітіріп қана қоймай, әлеуметтік ортаға барған кезде өзінің алған білімін пайдалана алуы керек [4]. Сондықтан Еуропаның және Ресейдің әр жоғарғы оқу орындарында студент-инвалидтердің арнайы орталықтардың және бөлімшелердің құрылуының маңызы өте зор. Өйткені олар мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс жасай отыра, әлеуметтік, психологиялық жағдайын зерттеп сараптама жүргізеді.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру процесін жүзеге асыру арқасында студент-инвалидтердің жоғарғы оқу орындарында білім, мәдениет, қоғамдық шараларға қатысып, ой-өрісін дамытып, оқуға, өмір сүруге деген ынтасын жақсартуға көмектеседі. Студент-инвалидтердің психофизиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әлеуметтік ортада адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттіліктерді дамытуға мүмкіндіктер береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.akorda.kz> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік».
2. <http://zkoipk.kz> Омарова Баян Конаровна. Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі. Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжі.
3. Р.В. Андреева. Развитие инклюзивного образования в вузе. Саратовский социально-экономический институт РЭУ им. Г. В. Плеханова. Pedagogy. Juvenis scientia. 2016, №1.
4. Н. А. Грик. Сопровождение социальной адаптации студентов с ограниченными возможностями здоровья в техническом вузе. – Томск: Томск государственный университет систем управления и радиоэлектроники, 2011.
5. Н.А. Гирк. Социальная идентичность молодежи в техническом вузе: проблемы коммуникации и ментальной устойчивости. Томский государственный университет систем управления и радиоэлектроники. Томск: Издательство ТУСУРа, 2014.

УДК 364

ФОСТЕРНАЯ СЕМЬЯ КАК МОДЕЛЬ МИРА И БЛАГОПОЛУЧИЯ ДЛЯ РЕБЕНКА

Нурлыбаев Бексултан Болатбекулы

Магистрант специальности «Социальная работа»

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилёва, Астана, Казахстан

Конвенция о правах ребенка (ст. 20), принятая Генеральной Ассамблеей ООН 20 ноября 1989 года гласит, - если ребенок временно или постоянно был лишен заботы близких ему людей, и больше не может оставаться в трудных жизненных условиях, то этот ребёнок имеет право на защиту и помощь от государства. Люди, уполномоченные государством, могут устраивать ребенка в замещающую семью, в случае если нет такой возможности, то ребенка устраивают в интернатное учреждение. [1] Стоит отметить, что в данном пункте Конвенции описан уже существующий во многих странах опыт: приоритетным устройством для ребенка является помещение его в замещающую семью, в последнюю же очередь рассматривается вариант помещения ребенка в интернатное учреждение.

В Республике Казахстан стала активно внедряться инновационная стратегия усыновления детей. Согласно Закону Республики Казахстан от 9 апреля 2016 года № 501-V «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав ребенка» с 1 января 2017 года введена в действие новая форма устройства детей, оставшихся без попечения родителей (далее ОБПР) - это приемная семья. На территории Казахстана до 2017 года практиковались только четыре формы устройства детей-сирот и детей ОБПР - это усыновление, патронат, опека, детский дом (интернат). Приемная семья как законодательно установленная форма устройства детей в семью является новой.

Понятие «приемная семья», указанное в поправке к Закону – это замещающая семья, которая может принять на воспитание от четырех до десяти детей-сирот, детей ОБПР. К данной форме установлены определенные критерии отбора кандидатов в потенциальные родители, указываются юридические условия принятия ребенка в семью, и рассматриваются, какими располагают условиями проживания потенциальные родители. Основной функцией замещающей семьи, как правило, является то, что семья замещает (заменяет) биологическую, кровную семью, отсутствующих рядом родителей, с которой была утрачена связь.

Семья должна быть подготовлена социально-педагогически и психологически. Проживая в семье, ребенок становится более социализирован. Семьям с приемными детьми необходимо профессиональное сопровождение. Главной целью сопровождения является обеспечение ребенка права жить и воспитываться в семье, если это невозможно в кровной